

«Әке жолы – ізгі жол» Әкелер айлығын өткізу нұсқаулығы

2024 жылдың 05-29 ақпан аралығында Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Ұлағат» әкелер мектебі, «Қаһарман» ұлдар клубы жобаларының жұмысы бойынша **Әкелер айлығын** өткізу жоспарланды.

Айлықтың мақсаты: әкелер институтын дамыту, отбасылық құндылықтар және өскелең ұрпақты тәрбиелеу саласында жаңа тәсілдерді насихаттау және қалыптастыру.

Айлықтың міндеттері:

1. «Әке-мектеп-бала» үштігінің өзара байланысын дамыту;
2. Үлгілі отбасының тәжірибесін тарату арқылы отбасының беделін арттыру;
3. Әкелерді белсенді әлеуметтік қызметке тарту.

Айлықты өткізуге дайындық үшін білім бөлімдеріне, облыстық мектеп-лицей-интернаттарға, қосымша білім беру ұйымдарына төмендегілер жіберілді:

- Айлықты өткізу бойынша нұсқаулық;
- Айлықты өткізу жоспары (1-қосымша).

Қатысу үшін білім беру ұйымдарының әкелер қауымдастығы, әлеуметтік серіктестер шақырылады.

Әкелер айлығы аясында іс-шаралар өткізу туралы ақпаратты білім беру ұйымының сайтында, әлеуметтік желілерде, облыстық «Ізденіс» педагогикалық газетінде жариялау ұсынылады.

Білім беру ұйымдарына әлеуметтік желілерде видео, фото, буктрейлер жариялап, #«Ұлағат» әкелер мектебі, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу ұсынылады.

Қосымша 1

«Әке жолы – ізгі жол» әкелер айлығының жоспары

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ 05- 09 ақпан 2024 жыл I апта		
Тақырыбы: Артық ғылым – кітапта... Бағыты: Зияткерлік		
«Жаңылтпаш айтқан жалықпас» («Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары))	тәрбие сағаты	1-2 сыныптар
«1001 мақал, 101 жұмбақ»	зияткерлік ойын	3-4 сыныптар
Ыбырай Алтынсарин «Әке мен бала» шығармасын оқу	ойтолғау жазу	4 сыныптар
Әкешім - бәйтерегім	виртуалды поэзия сағаты	5-8 сыныптар

Қаржаубай Омарұлының «Әке» кітабын оқу	эссе жазу	9-11 сыныптар
12-16 ақпан 2024жыл II апта		
Бағыты: Тарихқа тағзым		
Тақырыбы: «Қазақ даласының ұлы тұлғалары»		
15 ақпан - Ұлттық тарих күні. (<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы», «Ұрпаққа аманат» жобалары</i>)		
«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер»	отбасылық фотоколлаж жасау	1-4 сыныптар
Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» повесті желісімен	сахналық қойылым	5-8 сыныптар
«Тарихқа тағзым» «Алаш жолы» 15 ақпан - Е. Бекмаханның туған күні. (<i>«Жеткіншектің Жеті жарғысы», «Ұрпаққа аманат» жобалары</i>)	әкемен бірге танымдық сабақтар, зерттеу жұмыстары	9-11 сыныптар
15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні	Ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер ұйымдастыру, танымдық сабақ	10-11 сыныптар
«Қарағандым - мақтанышым!»	әкесімен бірге болған көрікті жерлердің суреттерінен фото коллаж, бейнепрезентация жасау. ақын- жазушылармен әдеби сазды кештер ұйымдастыру	1-4 сыныптар
«Жаныңда жүр жақсы адам»	қаланың көркеюіне атсалысқан тұлғалармен танысу, кездесу, сыр-сұхбат, дөңгелек үстел өткізу	5-9 сыныптар
19-23 ақпан 2024жыл III апта		
Тақырыбы: Әке көрген оқ жонар!		

Бағыты: Алғыс. Өнер. Еңбек.Спорт.		
«Әкешім менің-мақтанышым»	алғыс айтудың жаңа дәстүрін құру: әкесіне деген құрмет пен ризашылықты білдіретін символдық сыйлық, жазбаша ашық хаттар жіберу мәдениетін жаңғырту, ән жолдап Tik-Tok түсіру	1-9 сыныптар
«Өнегелі өмір» жобасы аясында «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды»	табысты тұлғаларды, кәсіпкерлерді, қоғам қайраткерлерін, танымал спортшыларды, музыканттарды тәрбиелеген әкелер туралы арнайы сюжеттер, деректі фильмдер көру; білім беру ұйымындағы аталған санатқа жататын әкелер жолын насихаттау, кездесулер ұйымдастыру	1-11 сыныптар
«Мен әкеммен мақтанамын»	ойтолғау немесе «Бес жолды өлең» әдісімен өлең жазу	5-7 сыныптар
«Әкемнің жұмысындағы бір күн»	әкесінің жұмыс күні туралы бейнебаян, тик-ток түсіру	5-9 сыныптар
«Менің кәсібім – менің бизнесім»	әке тәрбиесіне арналған ұлттық	9-11 сыныптар

	кәсіптен көрініс беретін заманауи бейнероликтер, буктрейлер түсіру; кәсіпкер әкелермен дөңгелек үстел өткізу	
«Күш атасы – Қажымұқан» салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша спорттық сайыстар	әкелердің балалармен бірге уақыт өткізуін насихаттау мақсатында шағын футболдан, волейболдан «спорттық отбасы» конкурсын өткізу, онда командаға әкелер мен ұлдары қатысады, жолдастық кездесу	9-11 сыныптар
26-29 ақпан 2024 жылы IV апта		
Тақырыбы: Тәрбие көзі – салт дәстүр		
Бағыты: Салт-дәстүр		
27 ақпан –«Салт дәстүр күні» («Ұрпаққа аманат» жобасы)		
«Ұлттық ойын–ұлт қазынасы» (« <i>Ұлттық мектеп лигасы</i> »)	әкемен бірге ұлттық ойындар (арқан тартыс, садақ ату, қол күрес, тоғызқұмалақ, асық ату, бес тас, аударыспақ т.б.) «Толағай» спорттық жарыстары	1-4сыныптар
Ұмытылып бара жатқан қазақтың салт-дәстүрлері	соғым сою, соғым сойғанда айтылатын тілек, ет мүшелеу т.б.	5-11 сыныптар
Ер қанаты – ат!(жабағы үйрету)	ғылыми жоба	6-8 сыныптар

	(атбегілік, аңшылық, қазақ атбегілік өнерінің ерекшелігі; кездесу, сыр-сұхбат өткізу (атбегілік өнермен айналысып жүрген әкемен немесе атқа міну клубтары өкілдерімен)	
Қансонарда бүркітші шығады аңға...	саятшылық, құсбегілік өнер туралы іс-шаралар ұйымдастыру	9-11 сыныптар
«Жігітке жеті өнер де аз»	әке мен ұл балалардың бірігіп қолөнер бұйымдарын жасау шеберлік сағаттары, ұлттық шеберлігін дәріптеу мақсатында ютуб сайтында видеолар орналастыру	5-11 сыныптар
«Әке – тірек, бала – жүрек»	әке мен бала арасында ұлттық қолөнер көрмелерін өткізу; ұмытыла бастаған ежелгі қазақ салт-дәстүрлерінен фестивальдер ұйымдастыру, әкемен бірге жасалған отбасылық құндылықтарды дәріптейтін	1-11 сыныптар

	креативті эмблемалар сайысы	
«Өнер - таусылмас азық»	Қаламыздағы домбыра, зергерлік бұйым жасайтын шеберлермен кездесу ұйымдастыру	8-10 сыныптар
Челлендж «Оқуға құштар мектеп»	челлендж 28.02.24	1- 11 сыныптар
«ӘКЕ FEST» фестивалін өткізу	Айлықты қорытындылау	Әке-мектеп- бала үштік одағы